



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ  
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY  
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ  
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY  
**«Bilim berý praktikasy sapasyn  
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**  
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

**MATERIALDARY**

I KİTAP



I КНИГА

**МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ  
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА  
**«Актуальные проблемы повышения  
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.  
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

Күткен, суарған, қисық бұтақтарын кесіп отырған	Күтушісі болмаған, суармаған, өз бетімен өскен
Қорытындысы қандай?	Қорытындысы қандай?

Қарапайым ғана өмірдегі құбылыстармен салыстырып, адам мен табиғат арасындағы байланысты тамаша көрсете білген. Осындай шәкірт санасына ой салатындай әңгімелері өте көп. Өмірдегі қарама-қайшылықтарды ұтымды көрсете білді.

#### Жаман жолдас

Жақсы дос	Жаман дос
Қандай әрекет істеді?	Неге жаман жолдас атанды?
Ол нені түсінді?	Достықты бағалай біле ме?

Көлемі шағын шығарма болса да, астары терең, берер өнегесі мол әңгіме. Оқыған адам жүрегіне ой саларлық әңгіме.

#### Әкесі мен баласы

Әкесі	Баласы
Мінезі қандай?	Қылықтары жағымды ма?
Әке ғибраты қандай?	Баласы қатесін түсінді ме?

«Әке балаға сыншы» дегендей әке мен бала тәрбиесін шебер көрсетіп отыр. Қазақ отбасында әкенің орны бөлек. Әке бала тәрбиесінде үлкен орын алады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсариннің таңдамалы шығармалары. – Алматы. 1994.
2. Ыбырай Алтынсариннің таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1994. 28 б.
3. Жұмабайұлы М. «Мен жастарға сенемін». – Алматы, 1989.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНА ЕНГІЗГЕН ӨЗГЕРІСТЕРІ

Халыкова Гаухар Алтаевна,  
математика және информатика пәнінің  
оқытушысы,  
Каппасова Шамшырақ Еркиновна,  
биология және химия пәнінің оқытушысы,  
жаратылыстану ғылымының магистрі,  
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

#### Аннотация

Бұл мақалада Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында білім саласына енгізген өзгерістері туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Жаңа технологияларды қолдану, Назарбаев зияткерлік мектептерін ашу, Латын әліпбиіне көшу, 100 жаңа оқулық басып шығару сияқты мәселелер айтылуда.

#### Аннотация

В этой статье излагаются изменения образовательной сферы в программе Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». Были рассмотрены вопросы такие как, использование новых технологий, открытие Назарбаевских интеллектуальных школ, переход на латинский алфавит, издание 100 новых учебников.

#### Abstract

This article outlines changes educational sector in the program of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev «Bolashakka bagdar: Ruhani zhangyru». Issues such as the use of new technologies, the opening of Nazarbayev intellectual schools, the transition to the latin alphabet, the publication of 100 new textbooks were discussed.

*Түйінді сөздер:* Рухани жаңғыру, бағдарлама, білім, латын әліпбиі.

*Ключевые слова:* Духовное обновление, программа, образование, латинский алфавит.

*Keywords:* spiritual renewal, program, education, latin alphabet.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айрықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. [1, б.13]

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. [1, б.14]

Н.Ә.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық



келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. [4, б.22]

Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. «Білім заманнан бері қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақаланың өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. [5, б.45]

Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл», - деп атап өтті Елбасы. Халқымыздың «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген ұлағатты сөзін, білімнің шындығында да баға жетпес үлкен рухани қару екендігін, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар аса зор өндіргіш күш екенін білуіміз тиіс. Білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық - рухани күш, қуат көзі жоқ екені белгілі. Өйткені, білім - тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын қаруы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың биылғы Жолдауында оқыту үдерістеріне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу мәселелері кеңінен баяндалған. Осы бағытта мемлекет тарапынан ауқымды жұмыстар атқарылуда. Арнайы министрліктер мен оқу орындары әдістемелер мен технологияларды жіті меңгеріп, халықаралық тәжірибені толық зерделеуде. Аталған бағыттағы ауқымды жұмысты еліміздің білім беру жүйесінің көшбасшылары - Назарбаев Университеті мен Назарбаев Зияткерлік мектептері атқарып келеді. Мұнда өте білікті оқытушы және ғылыми құрам шоғырланған. Аталған мекемелер тарапынан оқыту, зерттеу және инновация мен оны іс жүзінде меңгеру салаларында ең алдыңғы қатарлы жетістіктер мен тәжірибелерге үнемі іздеу жүргізілуде. Қазақстанның жинақталған тәжірибесіне ыңғайлы, әлемдік ең жоғары үлгіге сәйкес келетін ұжымдық басқару жүйесі құрылуда. Бүгінгі таңда Елбасымыздың ерекше назар аударғанын ескере отырып, Білім және ғылым министрлігі Назарбаев Университеті мен Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесін бүкіл Қазақстанның білім беру жүйесіне тарату үшін олардың жетістіктерін жалпыға білім беру үдерісіне енгізуде. Елбасымыз өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында назар аударған тағы бір маңызды мәселе — ол педагогтардың сапасы мен біліктілігін арттыру. «Қазақстан-2030» Стратегиясында Елбасы: «Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты», — деп айрықша атап айтса, биылғы жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне, әлеуметтік және дене болмысы, көңіл-күйлеріне байланысты», - деп білім беру саласын дамытудың қаншалықты маңызды екендігіне жұртшылықтың назарын аударды. Бұл орайда Н.Ә.Назарбаев мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу, 12 жылдық оқыту моделі, кәсіптік және техникалық білім беру, жоғарғы білім берудің сапасы, интеллектуалды мектептер, жаңа халықаралық университет сынды орындар

алға қойылды. Білім саласының қызметкерлерінің бүгінгі таңда жауапкершілігі мен маңызы күшейіп отыр. [2, б.28]

Өйткені, сапалы білім беру елімізді Индустриялан-дырудың және инновациялық даму жолына түсірудің басты алғышарты болып табылады. Білімсіз қоғамда прогресс, жаңа өрлеу мүмкін емес. Н.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, қазіргі уақыт адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындырудың заманы. Бүгінгі жас ұрпақ мұны анық сезініп, білім бұлағынан молынан сусындауға зейін қоюда. Жастар өз күш-жігерлерін, білімдерін тәуелсіз елінің гүлденуіне жұмсамақ. Елбасы қайсыбіреулердің қатаң сынына ұшыраған «Тілдердің үштұғырлығы» бағдарламасын ұсынды. Мұндағы негізгі мақсат — үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түскен жаһандану, шекара талғамайтын экономика-қаржы және, ақпарат, ағымдары заманында еңбек ресурстарының бәсекелестігін арттыру мәселесі көзделген болатын. Басқаша айтқанда, мұнда мемлекеттік тіл-қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі — орыс тілін және халықаралық тіл-ағылшын тілін халықтың неғұрлым көп бөлігінің меңгеруіне бағытталады. Осы жерде ерекше назар аударатын нәрсе, мемлекет басшысының «тілдердің үштұғырлығы» идеясын бүкіл ұлттық идея-деңгейіне көтеру қажет. Неге десеңіз, біріншіден, бұл идея халқымыздың болмысында ежелден-ақ бар «жеті жұрттың тілін біл» деген бағалау өлшеміне сай келеді; екіншіден, қазіргі бәсекеге негізделген өмірлік қағидалардың өзі, яғни жас ұрпақ буыннан осыны талап етіп отыр. Білімнің негізінде болашаққа деген шынайы сенім мен үкілі үміт, өз халқына деген ізет-құрмет пен қадір-қасиет жатқанын Елбасы жақсы түсінді. Ол тәрбие мен оқу-білімді егіз дүние ретінде қарастырып, тәрбие арқылы берілетін білімнің болашағы әрқашан баянды болатынын назарынан ешқашан тыс қалдырмады. Өркениет көшіне бет бұрған қыруар істің алатын арқауы болып есептелетін ғылыми-техникалық және экономикалық прогрестің негізгі қозғаушы күші білім десек, қателеспейміз.[3, б.21]

«Мың өліп, мың тірілген» халқымыз басынан небір зұлматты жылдарды, қиын кезеңдерді өткерді. Нәубеттің зардабын тартып, азабын шеккен еліміздің қилы тарихында бірнеше рет әліпби ауыстырған екенбіз. Қолдан жасалған солақай саясаттың салдарынан қайта-қайта әліпби ауыстыру арқылы қазақ өзінің ұлттық құндылығынан айырылып қала жаздады. Құдай сақтап, әйтеуір ұлттық белгіміз бен бояуымыз, болмысымыз сақталып қалды. Бүгінгі күн тәртібіндегі өзекті мәселе – латын қарпіне көшу.[8, б.10]

Ал латын қарпіне көшу дегеніміз – киіз туырлықты қазақтың біраз уақыттан бергі арман-тілегі еді. Латын қарпі – мұқым түркі халықтарының рухани жақындауына мүмкіндік тудырады. Ендігі кезек – Елбасымыз белгілеп көрсеткендей латын қарпінің қазақшаланған таңбасын даярлап, қолданысқа енгізу. Латын қарпіне жылдам көшсек, жаһандануға да қарсы тұратын едік. Жаһандану процесі – кез келген ұлтты өзінің ұлттық құндылығы мен ділінен айырып тастайтын зардабы мен залалы көп күш. Осыған қарсы құратын заманауи жаңашыл тәсіл – «Цифрлы Қазақстан» жобасы. Яғни, электронды кітапхана қорына сан ғасырлық тарихы бар әдеби жәдігерлер мен тарихи шығармаларды құйып, оларды латын қарпінде басып, үш тұғырлы тіл саясаты негізінде ресімдеу. Сонда әлемнің кез келген нүктесінен осы жүйені пайдаланып, қазақтың рухани өмірімен, әдеби жауһарларымен танысуға ешқандай кедергі болмайды.[8, б.12]

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсінетін білікті гуманитарлық сала мамандары да ауадай қажет екенін айтты. Тарих пен саясаттану, әлеуметтану мен философия, психология, педагогика, экономика, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге заманға лайық білім беруге қажетті жағдай жасауды тапсырды. Осы міндетті іске асыруға мүмкіндік беретін негізгі тетік

ретінде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қолға алынды. [6, б.32]

Аталған жоба аясында алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік деген университет оқулықтары түрлі тілдерден қазақ тіліне аударылып, біздің студенттерге дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалмақ.

Бұл жұмыс үкіметтік емес және коммерциялық емес «Ұлттық аударма бюросы» деп аталатын қоғамдық қордың негізінде ұйымдастырылуда. Аударылатын кітаптарды таңдау үшін еліміздегі барлық оқу орындарынан ұсыныс жиналып, жалпы саны 800-ден аса оқулық атауы келіп түсті. Жинақталған тізімдердің негізінде бірнеше рет басылған, соңғы басылымы кейінгі 3 жылда шыққан, мазмұндық тұрғыдан бейтарап болуы қажет деген талаптарға сүйене отырып, 2017 жылға 18 оқулық таңдалды. Жоспарға сай, бұл оқу құралдары қазақ тіліне аударылып, ЖОО-на тегін жеткізілді. Жаңа оқулықтар 2018-2019 оқу жылынан бастап жоғары білім беру жүйесіне енгізілді. [7, б.25]

Қазіргі уақытта келесі 30 кітаптың аударма жұмысы жалғасып жатыр. Іріктелген оқулықтарды қазақ тіліне аударуға Қазақстанның алдыңғы қатарлы оқу орындары мен 300-ге жуық маман қатысуда. Мәтіндер бірнеше лек әдеби және ғылыми редакциядан өтуде. Мұндай ауқымды ғылыми аударма жобасы Қазақстанда бұрын-соңды іске аспаған. 100 оқулықты аудару аясында Қазақстан әлемдегі алдыңғы қатарлы жоғары білім беру орындары, ғылыми орталықтар және оқулық шығаруға маманданған баспа ұйымдарымен тығыз әріптестік орнатпақ. Кең көлемді аударма жұмысы қазақ тілін халықаралық ғылыми лексикамен байыта түсуге, ғылыми терминологияны дамытуға, академиялық жазу стилін жетілдіруге, қазіргі ғылыми зерттеу және баяндау әдістерін игеруге зор мүмкіндік береді. Бұл жобаны іске асыру бірқатар аса маңызды жүйелі мәселені шешуге жол ашады.

Біріншіден, гуманитарлық бағыт бойынша әлемнің 100 үздік оқулығы қазақ тіліне аударылады. Сол арқылы тілдің дамуына аса қажетті ғылыми мазмұн мен лексика дамиды.

Екіншіден, гуманитарлық салалар бойынша оқитын студенттердің заман талабына сай білім алуына жағдай жасалады. Біздің оқу орындарындағы мазмұн және академиялық талқы деңгейі әлемнің ілгері ғылыми орталықтарының деңгейіне шығады.

Үшіншіден, аса ауқымды аударма жобасы қазақстандық аударма мектебінің күшейіп, жетілуіне жағдай жасайды. Аудармашы мамандар, ғалымдар мен оқытушылардың жаңа негізде жұмыс істеуіне алғышарт болады.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың рухани жаңғыруға байланысты ұстанымдары білім саласында да бір ауыздан қолдау тауып, ұлттың дамуына әсер ететін ең маңызды фактор деп санаймыз. Білім беру жүйесі әрлайым бірінші кезектегі орында тұруы міндет деп есептейміз. Елдің ертеңі өрісі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірмен ұштастырған, сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет деп білеміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан — 2030. Астана., Ақорда. – 2010.
2. Әділбекова Ж.З. Білім беру үрдісіне жаңа технологияларды енгізу. Алматы. 2015.

## МАЗМУНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<i>Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....</i>	3
<i>Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....</i>	6
<i>Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....</i>	10
<i>Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....</i>	13

### СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

#### СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

<i>Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....</i>	16
<i>Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....</i>	19
<i>Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....</i>	22
<i>Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....</i>	25
<i>Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....</i>	28
<i>Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....</i>	30
<i>Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....</i>	35
<i>Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....</i>	40
<i>Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>	43
<i>Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....</i>	46
<i>Бейбитқызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....</i>	50
<i>Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....</i>	53
<i>Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....</i>	58



<i>Берденова А. С.</i> , «Воспитательный потенциал социума в формировании активной позиции личности: сохранение духовно-нравственных ценностей, интереса и уважения к истории, культуре и традициям родного края».....	61
<i>Борамбаева А. Б., Изделева Г. А., Нурканова А. Т.</i> , «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жүзеге асыру жолдары.....	64
<i>Виниченко О. В., Шатских А. А., Синнер Т. А.</i> , Воспитание толерантности у младших школьников, как одно из приоритетных направлений в рамках программы «Рухани жаңғыру» .....	67
<i>Даумова Б. Б.</i> , К вопросу о формировании этнотолерантных качеств молодежи в контексте « рухани жаңғыру» .....	70
<i>Должикова И. И.</i> , The theoretical aspects of integration natural-mathematical cycle and english.....	75
<i>Досмухамедова Р. К.</i> , Реализация общенациональной идеи «Рухани жаңғыру» на уроках географии и краеведения.....	78
<i>Жанабаева А. Т.</i> , Творчество – высшая форма активности педагога и учащихся.....	82
<i>Жургумбаева А. А.</i> , Рухани жаңғыру – жаңартылған білім беру мазмұны білімнің жаңа сапасының кепілі .....	85
<i>Журкубаева Г. Т.</i> , Краеведение, как фактор развития исследовательской деятельности.....	88
<i>Игисенова У. С., Михеева М. В., Соболева Н. В.</i> , Актуальные направления современного образования в контексте приоритетных идей «Рухани жаңғыру».....	91
<i>Исетова Б. К.</i> , «Военно – патриотическое воспитание и реализация идейной платформы «Рухани жаңғыру» на уроках математики» (на примере историко-краеведческого материала г.Костаная).....	95
<i>Ишмухамбетова Б. М.</i> , Применение многоязычия в современной образовательной системе.....	99
<i>Кабылдина А. Т., Шакиржанова Ж. М., Копбаева А. Г.</i> , «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....	102
<i>Кажохметова Д. Б., Тусова А. Ж., Курмангалиева А. А.</i> , Оқушылардың оқу белсенділігін арттырудағы топтық жұмыстың тиімділігі.....	106
<i>Калимарданова Г. Д., Серикова Л. С., Бегманова К. Д.</i> , Тұлғаның өмірлік тәлімі-жаңа ұрпақты рухани және патриоттық тәрбиелеудің негізі.....	110
<i>Караичев Д. И.</i> , Формирование финансовой грамотности старших школьников через программу дополнительного образования бизнес-клуб. ....	113
<i>Кенжегалиева С. К.</i> , Мектеп мұражайы: білім мен тәрбие берудің бір бағыты.....	117
<i>Кожубаева А. Ж.</i> , История развития и своеобразие прикладного искусства казахского народа на примере ковроткачества.....	122
<i>Курманова А. А., Бекбаева С. Т., Утенова З. Т.</i> , Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа білім беру жүйесі.....	126
<i>Көшегалина А. М.</i> , Ыбырай Алтынсариннің ағарту – педагогикалық мұраларын қазіргі кездегі білім саласында қолдану.....	128
<i>Қайырбек А. К.</i> , Тьютор - как элемент педагогической деятельности.....	132
<i>Леванова Т. А.</i> , Тьюторское сопровождение профессионального самоопределения обучающихся в условиях общеобразовательной школы.....	134
<i>Мельникова Т. В., Мехова А. И., Булатова Р. Г.</i> , Современные тенденции развития начального общего образования в рамках программы «Рухани жаңғыру».....	138
<i>Миничкина С. Б.</i> , Творческое и духовное развитие учащихся в студии эстрадного вокала «солнышко».....	142
<i>Мухамбетжанова З. С., Колдасбаева Е. Д.</i> , Білімнің салтанат құруы рухани жаңғыру болашаққа бастар жол.....	144

<i>Мухамедкалиева Б. М., Карибаева Г. Т., Байсаматова Ж. М., Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «рухани жаңғыру» бағыттарын іске асыру жолдары.....</i>	149
<i>Мырзағалиева К. М., Абдрашева А. Қ., Ы.Алтынсарин мен Я. П. Яковлев.....</i>	152
<i>Нұрмұхаметова Қ.Т. Ұлттық құндылықтың негізі – рухани жаңғыру кепілі.....</i>	156
<i>Нуркина Б.Ә., Дүйсембаева Г.Т., Ибраева М.Д., Білім беру саласында дара ұстаздың рөлі.....</i>	160
<i>Нурмуратова К. А., Функциональная грамотность как основа развития гармонической личности в современных условиях.....</i>	163
<i>Орынбаева Ж. Т., Орынбаева Г. Т., Жусупова Л. А., «Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеяларын әдебиеттік оқу және дүниетану пәндерін кіріктіру арқылы жүзеге асыру.....</i>	168
<i>Оспанұлы С., Мырзағалиева К. М., Ыбырай шындыққа жүгінген.....</i>	171
<i>Оташева С. Қ., Ақпараттық технологияларды білім беру үрдісінде қолдану заман талабы.....</i>	176
<i>Отынбаев Д., Мұғалімнің мәртебесі туралы.....</i>	179
<i>Пестрецова О. Г., Формирование основ функциональной грамотности через интеграцию элементарных экономических знаний в содержание предметов начальных классов в рамках реализации программы «рухани жаңғыру».....</i>	182
<i>Петрушка А. Ю., Смаглий Т. И., Временная компетентность и ее роль в профессиональной деятельности педагога.....</i>	187
<i>Ташенова Р. Т., Хамзина Г. З., Современная система образования через призму приоритетных идей «Рухани жаңғыру».....</i>	191
<i>Рихтер О. А., Роль учителя истории Казахстана в процессе модернизации сознания и формирования гражданских компетенций будущих специалистов.....</i>	194
<i>Салимжанова Э. Ж., Ильясова А. Т., Нургожина А. С., Өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі шарты – педагог шеберлігі.....</i>	199
<i>Сейітқазы П. Б., Серикбаева Н. Б., Рахимғалиева П. С., Жоғары оқу орны студенттерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық шарттары.....</i>	202
<i>Смаглий Т. И., Силенко Е. А., Когнитивный стиль и проблема изучения иностранных языков.....</i>	207
<i>Смашова С. Ж., Қазақ тілін екінші тіл ретінде (орыс тілді сыныптары үшін) оқытудағы сөйлеу әрекетінің бірі – айтылым дағдысының ролі.....</i>	211
<i>Сүлейменова Ж. Т., Ақпараттық мәдениет түсінігінің мәні мен мазмұны.....</i>	214
<i>Танатканова С. С., Бутагарина А. И., Қонысбаева Р. С., Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларының тәрбиелік мәні.....</i>	217
<i>Түлебаева К. Т., Дене тәрбиесіндегі жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыру.....</i>	221
<i>Торғаева Г. А., Маркина З. Б., Кельдибаева Б. А., Ыбырай Алтынсарин өлеңдерінің ұлы ақындар шығармаларымен үндесуі Рухани жаңғыру бағдарламасының бүгінгі таңдағы өзектілігін арттыра түседі.....</i>	225
<i>Халыкова Г. А., Каппасова Ш. Е., Рухани жаңғыру бағдарламасының білім саласына енгізген өзгерістері.....</i>	228
<i>Хамзина К. Б., Ерекин А. М., Тағылымды тәрбие мен терең білімдегі жаңа мүмкіндіктер.....</i>	233
<i>Хамзина К. Б., Жаппар А. С., Рухани жаңғыру – білім саласындағы маңызды бетбұрыс.....</i>	237
<i>Шарипова Д. С., Краеведение как фактор патриотического воспитания учащихся.....</i>	240
<i>Шалгимбекова А.Б., Ермаганбетова А.Ж., Сәбитбек Ж.К., Адамзат ұрпағымен мың жасайды.....</i>	243
<i>Шалгимбекова А.Б., Салыкова Ә. Д., Жаңартылған білім мазмұны – жаңашылдыққа бастама.....</i>	248